

Жамбыл тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Қорытынды ғылыми - тәжірибелік конференция

08.06. 2017 жылы Үйірме жұмысы Кеңесінің төрайымы Алтынбекова Ж.Р. ұйымдастыруымен Жамбыл медициналық колледжінің мәжіліс залы, А корпусында «Тұрғындардың денсаулығын нығайту – мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму факторы» тақырыбында өтетін қорытынды ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді.

Мақсаты:

1. Студенттердің ізденушілік дағдыларын қалыптастыра отырып, таңдаған мамандықтары бойынша білімдерін тереңдету.
2. Студенттердің шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, теориялық және тәжірибелік білімдерін бекіту.
3. Колледж студенттерінің аналитикалық, болжамдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту.
4. Жамбыл медициналық колледжі үйірме жұмысының 2016-2017 оқу жылында жүргізілген пәндік үйірмелердің ғылыми - ізденушілік жұмыстарын қорытындылау.

Сараптау комиссиясының құрамымен өтті:

Комиссия төрайымы:

1. Қуанышбекова Л.Т.-Жамбыл медициналық колледжі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Комиссия мүшелері:

2. Андакулова Қ.Т.-Жамбыл медициналық колледжі директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары.
3. Иманбекова Ж.Б.- Жамбыл медициналық колледжінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.
4. Мадимарова Б.С.-«Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі.
5. Қырықбаева Б.А.- Жамбыл медициналық колледжінің студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы.

Сараптау комиссиясының шешімімен қорытынды ғылыми-тәжірибелік конференцияның төмендегі қатысушылары мен белсенді үйірме жетекшілері мақтау қағаздарымен марапатталды:

1. «Үйірме жұмысын жандандыруға атсалысқаны үшін» - Чинасилова Қ.О. «Галилео» үйірмесінің жетекшісі.
2. «Үйірме жұмысын жандандыруға атсалысқаны үшін»- Байғазиева А.Д. «Жас эколог» үйірмесінің жетекшісі.
3. «Үйірме жұмысын жандандыруға атсалысқаны үшін»- Назар Д.Қ. «Авиценна» үйірмесінің жетекшісі.
4. I орын- Серік Еркебұлан «Емдеу ісі» 305 топ студенті. «Жас эколог» үйірмесінің жетекшісі Байғазиева А.Д.
5. II орын- Есіркепова М. М.«Мейіргер ісі» 101 топ студенті. «Ізденуші биолог» үйірмесінің жетекшісі Асылбекова Р. А.
6. III орын- Тоғайбек Бағила «Емдеу ісі» 202 топ студенті. «Авиценна» үйірмесінің жетекшісі Назар Д.Қ.
7. «Жас ізденуші» номинациясы- Жақсыбек Әлия «Медбикелік іс» 210 топ студенті. «Галилео» үйірмесінің жетекшісі Чинасилова Қ.О.
8. «Жас ғалым» номинациясы- Шымырбек Н. «Мейіргер ісі» 109 топ студенті. «Жас химик» үйірмесінің жетекшісі Еркебаева А.Е.
9. «Шығармашылық ынтасы үшін»- Әубәкір Ләззат «Мейіргер ісі» 229 топ студенті. «Адал жандар» үйірмесінің жетекшісі Парманова А.Т.
10. «Шығармашылық ынтасы үшін»- Ықласова Гүлжанат «Мейірбике ісі» 321 топ студенті. «Шипагер» үйірмесінің жетекшісі Серкебаева А.К.



19.05.2017 жылы ЖМК ҚР СТ ИСО 2001-2009 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» №kz. 3110318.07.01116 сәйкестік Сертификатын иеленді.

Жамбыл тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

“Экология және біз”



17.05.2017 жылы Жамбыл медициналық колледжінің А корпусындағы мәжіліс залында «Жас эколог» үйірмесінің жетекшісі және үйірме мүшелерінің ұйымдастыруымен «Экология және біз» тақырыбында ашық үйірме отырысы өтті.

Балдай тәтті - балалық шақ!

01.06.2017 ж. «Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№ 4 Арналы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы» директор И.Е. Кожамкулова хаты негізінде 1 маусым Балалар мерекесі күніне орай Жамбыл медициналық колледж ұжымы мүмкіндігі шектеулі балаларға қамқорлық көрсету мақсатында сыйлықтар алып, колледж студенттері концерттік бағдарламамен қуаныш сыйлап, қолдау көрсетіп, жұдырықтай жүректі қуанышқа кенелтіп, мейірімділік пен шапағатқа бөледі.



Кәсіби бағдар беру

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Қаракөмер ауылы "Төле би атындағы орта мектебі" және Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Құмтиын ауылы "Ильич орта мектебі" оқушыларына 2017 жылдың 16-17 мамырында кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді.



Қазақстан студенттерінің альянсы

02.06.2017 ж. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды халыққа түсіндіру» тақырыбындағы акцияға «Мейіргер ісі» 105, 109 топ студенттері флешмоб ұйымдастырды. Жауапты оқытушы: Қырықбаева Б.А.



03.06.2017ж. Медицина қызметкерлер күніне орай дәстүрлі түрде өтетін Денсаулық сақтау саласының XXII спартакиадасының ашылу салтанатына колледж студенттері қатысты. Жауапты: Д.Б.Уркимбаева

